



## 8 | ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Жамбыл жоғары медициналық колледжі басшылығы Біріккен Араб Әмірліктері, Дубай қаласында "Халықаралық кәсіптік білім берудің заманауи стандарттары. БАӘ тәжірибесі."

тақырыбында ақпан айының 5-11 аралығында халықаралық тағылымдамадан өтті. Тағылымдама барысында БАӘ медициналық білім беру ұйымдарының, университеттерінің жұмыстарымен танысты, кәсіптік білім беру және денсаулық сақтау жүйесімен тәжірибе алмасты, халықаралық ынтымақтастық аясында келіссөздер жүргізілді.



2 ақпан 2023 жылғы АЕО Аккредиттеу Кеңесінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің танылған аккредиттеу органдарының тізіліміне енгізілген "Білім беруді, денсаулық сақтауды сапамен қамсыздандыру және аккредиттеудің Еуразиялық орталығы" Коммерциялық емес мекемесі (АЕО) ТЖКБ, орта білімнен кейінгі білім беру, үздіксіз кәсіби даму ұйымы ретінде "Жамбыл жоғары медициналық колледжі" ШЖҚ КМК 5 (бес) жыл кезеңіне институционалды аккредиттеуден өтті.



"Дарын" шығармашылық орталығы ЖШС "Тәжірибе алаңы" республикалық ғылыми-әдістемелік журналы. Өзінің үздік тәжірибесімен бөлісіп, білім сапасын арттыруға қосқан үлесі үшін Жамбыл жоғары медициналық колледжінің "Мейіргер ісі негіздері" пәнінің оқытушысы А.Т.Парманова Грамотамен, Республикалық "Тәжірибе алаңы" журналына жаңа технологиямен ұштасқан үздік мақаласын насихаттағаны үшін Алғыс хатпен, "Тыныс алу жүйе қызметі бұзылуы кезіндегі мейіргерлік үрдіс" тақырыбындағы тәжірибесі республикалық <http://bilimshyragy.kz> сайтына жариаланғаны үшін Сертификатпен марапатталды.



С.М.Тілеп, А.Қ.Аманкулова белсене қатысқаны үшін Сертификатпен, жетекшісі А. Көбегенова Алғыс хатпен марапатталды.



URKER MITES орталығы ұйымдастырған "Олимп жолы" Республикалық олимпиадасына Жамбыл жоғары медициналық колледжінің 113 топ студенті А.А.Бөлтек жүлделі ІІ орын Дипломымен, қалған студенттер С.М.Абдурахман, Е.Б.Әлімжан, А.Қ.Аманкулова, Ш.Е.Бекназар, Н.Б.Жанабаева, Ж.Қ.Құттыбаева, А.Б.Қайдалы, «Мейіргер ісі» бөлімі, «Массажист» біліктілігі, 238СМ-11/21 топ студенті Ахмедов Ахмед, Шымкент қаласында пара дзюдодан ересектер арасында ұйымдастырылған республикалық жарысқа қатысып 3 орын алғаны үшін Дипломмен және Республикалық кубокпен марапатталды.



Көкшетау жоғары медициналық колледжінің ұйымдастырумен «Амангелді батыр – Торғай өңіріндегі 1961 жылғы көтерілістің бас қолбасшысы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға колледждің 215 топ студенті Д.Альмуханова, жетекшісі Ш.Е.Ашимова, 204 топ студенті Н.Бейбіт, жетекшісі Ғ.А.Сыздықова, 203 топ студенттері Н.Кеңес, А.Мырзахмет, жетекшісі Г.Ж.Иманалиева белсене қатысқаны үшін Сертификат табысталды.



"Дарын" шығармашылық орталығы ЖШС "Тәжірибе алаңы" республикалық ғылыми-әдістемелік журналы. Өзінің үздік тәжірибесімен бөлісіп, білім сапасын арттыруға қосқан үлесі үшін Жамбыл жоғары медициналық колледжінің оқытушылары Б.А.Сағындықова, А.Көбегенова Грамотамен, Республикалық "Тәжірибе алаңы" журналына жаңа технологиямен ұштасқан үздік мақаласын насихаттағаны үшін Алғыс хатпен, "Адалдық жүрген жерде - адамдық жүреді", "Өзгеріштіктің негізгі формалары" тақырыбындағы мақалалары республикалық "BilimShyragy.kz" сайтына жариаланғаны үшін Сертификатпен марапатталды.

Жамбыл жоғары медициналық колледжі

№ 06  
05.03.2023 ж.

КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

**1 | ЕСЕП БЕРУ**

Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы Н.М.Мураталиева және студенттер кәсіподақ ұйымының төрағасы Д.Е.Амантаев колледждің ұжымы мен студенттеріне 2022 жылдың қорытынды есептерін берді.

**2 | "1 НАУРЫЗ - АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ"**

«1 Наурыз-Алғыс айту күні» мерекесіне орай ІІІ курс студенттері арасында «Барлығы үшін рақмет!» тақырыбындағы челлендж және «Оқуға құштар колледж» жобасы аясында кітапханашылардың ұйымдастыруымен көрме-бұрышы.

**4 | АШЫҚ САБАҚ**

Оқутушылар Г.У.Бейсенова «Фармакология», С.А. Орынбек "Анатомия және физиология", А.Е.Батанова "Жұқпалы аурулардағы мейіргер ісі", З.И.Абдалимова "Қазақ әдебиеті" пәндерінен ашық сабақ өткізді.

**7 | ҮЙРМЕ ЖҰМЫСЫ**

«Әлеуметтік желінің әдеби мен әлегі» тақырыбында «Галилео» үйірмесінің ашық отырысы.

**10 | №1 ЖАЛПЫ КӘСІПТІК ПӘНДЕР ЦӘК АПТАЛЫҒЫ**

**3 | 8 НАУРЫЗ-ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ**

8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай ұйымдастырылған «Үлгілі үйдің қыздары» атты қыздар арасындағы сайыс.

**5 | КӘСІБИ БАЙҚАУ**

Колледждің IV курс студенттері арасындағы «Озық фармацевт-2023», «Үздік мейіргер-2023», «Үздік фельдшер- 2023», «Үздік акушер-2023» кәсіби шеберлік байқауы.

**6 | АШЫҚ ДИАЛОГ**

"Білікті маман - болашағы зор мемлекеттің тұтқасы" тақырыбында Тараз қаласының емдеу мекемелерінің бас дәрігерлерімен ашық диалог алаңы.

**8 | КІТАПХАНАШЫЛАР ЖҰМЫСЫ**

С.Ә.Қондыбай 55 жылдығына арналған көрме, "Оқуға құштар колледж" жобасы аясында квест ойыны.

**9 | КОЛЛЕДЖДЕ ӨТКЕН ІС-ШАРАЛАР**

Колледж қабырғасында өткізілген оқытушылардың іс-шаралары.

**11 | №1 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ІЗГІЛЕНДІРУ ЦӘК АПТАЛЫҒЫ**





## 1 | ЕСЕП БЕРУ



09.02.2023 ж. Колледждің Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы Н.М.Мураталиева және студенттер кәсіподақ ұйымының төрағасы Д.Е.Амантаев «SENIM» Денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық

кәсіптік одағы» Республикалық бірлестігінің Жамбыл облыстық филиалының төрайымы Г. А. Момбековаға және Жамбыл жоғары медициналық колледжінің ұжымы мен студенттеріне 2022 жылдың қорытынды есептерін берді.

## 2 | "1 НАУРЫЗ - АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ"



1.03.2023ж. Колледжде «1 наурыз – Алғыс айту күні» мерекесіне орай III курс студенттері арасында «Барлығы үшін рақмет!» тақырыбындағы челлендж өтті. Челлендж мақсаты:

- Азаматтық, отансүйгіштік, Отанына деген махаббат сезімдерін қалыптастыру. Қатысушылардың ойлау қызметі, ұлттық мәдениетті сақтауын, қарым – қатынас машықтарын дамыту. - Студенттерді толеранттылыққа, қоршаған ортаға деген құрметі мен жақындарына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Челленджге қатысқан топтарға алғыс білді.

01.03.2023ж. Колледжде “Оқуға құштар колледж” жобасы аясында кітапханашылардың ұйымдастыруымен “1 Наурыз - Алғыс айту күні” мерекесіне орай 1-ші қабат дәлізінде көрме-бұрыш жасалды. Үзілісте білімгерлер ұстаздарға арнап өлеңдер оқып, алғыс айтып, жылы лебіздерін білдірді.

## 3 | "8 НАУРЫЗ - ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ"




07.03.2023ж. Колледжде 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай «Мейіргер ісі» бөлімінің меңгерушісі А.Б. Айдралиева және бөлім кураторы Қ.А.Тойланбаева «Үлгілі үйдің қыздары» атты қыздар арасындағы сайысы өткізілді. Сайысымыздың басты мақсаты халқымыздың баға жетпес құнды қазынасын бүгінгі ұрпақтың

санасына сіңіріп, әрі қарай жалғастыруына мүмкіндік жасау. Қыздар бұл сайыста өз білімдерін ортаға салып тамаша өнер көрсетті. Сайысқа қатысқан қыздарымыз қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрып ұрпақтан ұрпаққа үзілмей жалғасып келе жатқанын тағы бір дәлелдеді. Әділ қазылар алқасы сайысқа белсенді қатысқан сайыскерлерді марапаттады. Бас жүлде: «Үлгілі ару» 207М-9/21 А.Лесбек, 1 орын 230 ЕА-11/21 Ж.Бешли-Оғлы, 2 орын 201М-9/21 Б.Садуан, 3 орын 203М-9/21 А.Бақкелдиева.

## 4 | АШЫҚ САБАҚ




13.02.2023г. №2 жалпы кәсіптік пәндерінің ЦӘК оқытушысы Г.У.Бейсенова «Фармакология» пәнінен, «Фармация» бөлімі 326Ф-11/20 топ студенттерімен «Антисептические и дезинфирующие средства» тақырыбында ашық сабақ өткізді.




13.02.2023ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің №1 жалпы кәсіптік пәндер циклдқ әдістемелік комиссиясының оқытушысы С.А. Орынбек «Емдеу ісі» бөлімі, 136ЕФ-11/22 топ студенттерімен "Анатомия және физиология" пәнінен «Қан жүйесінің физиологиясы» тақырыбы бойынша ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: студенттерге қан жүйесінің физиологиясын, қанның құрылысын және қызметін, қанның физиологиялық қасиетін, қан топтары ерекшелігін, резус-фактор маңызын түсіндіру.



21.02.2022ж. Колледжде №2 арнайы пәндер циклдқ әдістемелік комиссиясының оқытушысы А.Е.Батанова, "Мейіргер ісі" мамандығы, 325М-11/20 топ студенттерімен "Жұқпалы аурулардағы мейіргер ісі" пәнінен "Іш сүзегі. Паратиф А және В. Шигеллез. Эшерихиоз. Ботулизм. Сальмоноллез. Тырысқақ." тақырыбы бойынша ашық сабақ өтті. Сабақтың мақсаты: студенттерге іш сүзегі, паратиф А және В, шигеллез, эшерихиоз, ботулизм, сальмоноллез, тырысқақ ауруларының этиологиясы, патогенезі, эпидемиологиясы, клиникалық белгілері, зертханалық диагностикасы, емдеу шаралары, профилактикасы және күтімі туралы түсінік беру.



21.02.2023ж. Колледжінің №1 жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері циклдқ әдістемелік комиссиясының оқытушысы З.И.Абдалимова, "Мейіргер ісі" мамандығы, 107М-9/22 топ студенттерімен "Қазақ әдебиеті" пәнінен "С.Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығы." тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақтың мақсаты: студенттерге Сәкен Сейфуллин өмірі мен шығармашылығы туралы түсінік бере отырып, ақын өлеңінің тақырыбын, мазмұнын, көркемдігін, құрылысын меңгерту. Шығармашылығын жан-жақты талдау, оқу, студенттердің пікірін, көзқарасын қалыптастыру.




21.02.23ж. Колледжде №1 жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері ЦӘК оқытушылары Л.Т.Қуанышбекова, Қ.Ж.Байбосынова, Э.Б. Бердалиеваның ұйымдастыруымен «Знай, цени, люби русский язык» лингвистикалық ойын. I курс «Мейіргер ісі» бөлімі, қазақ топтарының арасында өткізілді. Әділ-қазылар алқасының шешімі бойынша, I орын- 108 М-9/22, II орын-101М-9/22, III орын-127 ЕФ-9/22 топтарға диплом мен сыйлықтар, ал қалған қатысушыларға алғыс хат берілді.

## 10 | №1 ЖАЛПЫ КӘСІПТІК ПӘНДЕР ЦӘК АПТАЛЫҒЫ



13.02.2023 ж №1 Жалпы кәсіптік пәндер ЦӘК ұйымдастыруымен «Медицинадан артық игілікті ғылым жоқ» тақырыбында апталық өтті. ЦӘК оқытушылары колледждің фойесінде, 40 оқытушының қан қысымын өлшеп, глюкометрмен қант деңгейін өлшеді. Дұрыс тамақтану ережесімен таныстырып, «Ас адамның арқауы» тақырыбында брошюралар таратылды. ЦӘК оқытушысы Д.И.Тұрдалиев бастамасымен, студенттер арасында флешмоб өткізілді, ЦӘК психологы Н.Е.Мұхамодиева ұйымдастыруымен колледжде «Мейірімді жүрек» акциясы өткізілді.



14.02.2023 ж. «Медицинадан артық игілікті ғылым жоқ» тақырыбындағы апталықтың барысында акт залында, ЦӘК төрайымы Д.Қ.Назар ұйымдастыруымен, студенттерге «Телегония - Неке тазалығы» тақырыбында тренинг өткізілді. Оқытушы Г.Қ. Септесіннің ұйымдастыруымен студенттерге ашық есік күні (студенттерді жаңа технологиялармен таныстыру) өткізілді, колледж психологі Н.Е.Мұхамодиеваның ұйымдастыруымен «Табысқа емес, өмірдің мәнін табуға ұмтыл» тақырыбында тренинг өткізілді.



15.02.2023 ж. «Медицинадан артық игілікті ғылым жоқ» тақырыбында «Рухани жаңғыру» кабинетінде микробиология және вирусология пәнінің оқытушысы Н.А.Қасымов колледж оқытушылары, лаборанттары мен санитар қызметкерлеріне «Дезинфекцияның түрлері» тақырыбында дәріс оқыды. Дәріс барысында қызметкерлерді дезинфекция түрлерімен таныстырып, сақтық шараларын көрсетті.



16.02.2023ж. М.Қ.Жасұзақ колледж оқытушыларына, лаборанттары мен санитар қызметкерлеріне «Covid-19 инфекциясының патогенезі және профилактикасы» тақырыбында дәріс оқып, оқу барысында ҚР мен Жамбыл облысында 2022-2023 жылдары тіркелген «Covid-19» инфекциясымен қатар, ЖРВИ көрсеткіштерін айтып, сақтық шараларымен таныстырды.



17.02.2022ж. Салауатты өмір салты бойынша, Облыстық ЖИТС орталығынан Тұрғынбаева А.Д. Досымова И.М. мамандары келип 301М-9/20, 302М-9/20, 303М-9/20, 309М-9/20, 310М-9/20, топтарына «АИТВ-н жұғу жолдары» видеоролик «АИТВ/ЖИТС инфекциясының таралуы. Жастар арасында АИТВ инфекциясының алдын алу» тақырыбында дәріс оқыды.

## 11 | №1 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ІЗГІЛЕНДІРУ ЦӘК АПТАЛЫҒЫ




20.02.2023ж. №1 жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері ЦӘК оқытушыларының ұйымдастырылуымен «Мәңгілік ел-мәртебелі тіл» атты апталығы өтті. Апталықтың мақсаты: Студенттердің тілге, Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру, сол құдіретті тілдің, шынайы мөлдірлігі мен тазалығын сақтау, сонымен бірге, қазақ тілінің бүгінгі жайы мен келешегі туралы айтып түсіндіру, ана тіліміздің мүмкіншілігін, байлығын, құдіретін ұғындыру, мемлекеттік тілді біліп, өзге тілді құрметтеуге шақыру.



22.02.2023 ж. №1 жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндерінің оқытушылары Н.Ж. Абдраимова, Э.Б.Бердалиева, Ж.М. Абитаеваның ұйымдастыруымен «Оқуға құштар колледж» жобасы аясында әдеби кейіпкерлерге саяхат (көркем сурет байқауы) I курс «Мейіргер ісі» бөлімі арасында өткізілді. Комиссия мүшелері: әдістемелік кабинет меңгерушісі Л.К. Мейрманова, әдіскер А.Қ.Коконбаева.



24.02.2023ж. Колледжде «Мәңгілік ел-мәртебелі тіл» атты апталық аясында Ұлы ақын, педагог, ағартушы Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығына орай «Ұлтын сүйген ұлы тұлға» атты поэзиялық кеші өтті. Студенттер ақынның өлеңдерін нақышына келтіріп орындап, ақын сөзіне жазылған әндерді шырқады. Кеш өз мақсатына жетті. Апталықтың салтанатты жабылуында директордың оқу – тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Т. Қуанышбекова сөз алып, ақынның «Мен жастарға сенемін» өлеңін мысалға келтіре отырып, болашақ жастарға көп үміт күтетінін айтты. Апталықта өткізілген іс – шараларды жоғары бағалап, белсене қатысқан топтарға диплом мен сыйлықтар берді.



21.02.23ж. Колледжде №1 жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері ЦӘК оқытушылары Л.Т.Қуанышбекова, Қ.Ж.Байбосынова, Э.Б. Бердалиеваның ұйымдастыруымен «Знай, цени, люби русский язык» лингвистикалық ойын. I курс «Мейіргер ісі» бөлімі, қазақ топтарының арасында өткізілді. Әділ-қазылар алқасының шешімі бойынша, I орын- 108 М-9/22, II орын-101М-9/22, III орын-127 ЕФ-9/22 топтарға диплом мен сыйлықтар, ал қалған қатысушыларға алғыс хат берілді.